

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 4 хаттамасы**

«20» 12 2024ж.

**Қатысқандар:**

**Кеңес мүшелері:**

М.К. Улжибаева - кеңес төрағасы  
Д.Қ. Нажмиден - кеңес хатшысы  
С.А. Курмашева - кеңес мүшесі  
Г.И. Жайлыбаева - кеңес мүшесі  
К.Ж. Жунусов – кеңес мүшесі  
К.С. Такирова – кеңес мүшесі  
А.К. Сабиолдина – кеңес мүшесі  
Г.Б. Баулекова – кеңес мүшесі

**Күн тәртібінде**

1. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу туралы
2. Педагогикалық қызметкерлердің 2024 жылғы педагогикалық әдеп жөніндегі қағидаларды сақтауы мониторингінің нәтижелері туралы
3. Педагогикалық ұжымдағы жанжалдардың алдын алу және шешу. Кәсіби қызметтегі қарым – қатынас этикасы.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Улжибаева Манзура Кабдурахитовна тыңдалды. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу туралы айтып өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мектебімізде жиі өткізіліп тұрады. Мектеп мұғалімдері белсене қатысады. Адалдық сағаты, дөңгелек үстел, ақпараттық түсіндірме жұмыстары тағы да басқа іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне теріс көзқарасты қалыптастыруда маңызды тәрбиелік мәнге ие болады.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болп табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын ұлттық қауіпсіздікке қауіп – қатер әкелетіні күмәнсіз.

Барлығымыз осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларды бірлесіп атқарайық.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша** педагогикалық кеңес мүшесі Тахирова Кумис Султановна тыңдалды:

Педагогикалық әдеп деген не және ол нені қамтиды? Ол мұғалімнің мектептегі оқушылар мен ата-аналар алдындағы этикалық жауапкершілігі. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынаста әдептілікті сақтау. Сыйластық және сенім қалыптастыру. Оқушының тұлғалық ерекшеліктеріне құрмет көрсету және кемсітпеу. Ата-аналармен әдепті қарым-қатынас орнату. Ата-аналармен байланыс кезінде педагогикалық әдепті сақтау маңызды.

Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау арқылы оқушыларды тәрбиелеу керек. Әр түрлі жағдайларда әдепті сақтау керек.

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. «Педагогикалық әдеби нашар» қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей.

Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді әдіс таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп психологі А.Халматовна сөз сөйледі:**

Жұмысқа біз өз өміріміздің айтарлықтай бөлігін бөлеміз, сондықтан да әріптестерімізбен өздерімізді «жайлы сезіну» деген ниетіміз түсінікті. Өкінішке орай, жұмысқа қуанышпен баратын адамдар көп емес. Жиі себеп - біздің жұмыс ортамыз. Кез келген адам қоғамдастығы сияқты, еңбек ұжымдары да жанжалсыз өмір сүре алмайды – солайша әлем қалыптасқан. Қақтығыстар адамды бақытсыз етеді. Ол нашар жұмыс істейді, өзін нашар сезінеді және тіпті ауырып қалуы мүмкін. Қақтығыстар бізбен бүкіл өмір бойы бірге жүреді, бірақ бұл әрқашан біреу жену керек, ал біреу жеңілу керек дегенді білдірмейді. Басқа адамдардың сезімдері мен ниеттерін құрметтеу керек, оларға мұқият болу керек, содан кейін қақтығыстан шығу жолын табуға болады. Педагогикалық этика-ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

**Қаулы етті:**


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға педагогтер үнемі тартылсын.

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар жиі өткізілсін.

Педэтика нормалары педагогтер арасында қатаң сақталсын.

Хатшы:

Төраға:



Д.Қ.Нажмиден

М.К.Улжибаева

Немірленген және тігілген

2 (екі) бет.

Директор

2024 жыл « 20 »

*А.М. Есмаганбетов*

А.М. Есмаганбетов.

